

«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі И.Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпыорта білім беретін мектебі» КММ

КГУ «Общеобразовательная школа имени И.Кутпанулы села Жибек жолы отдела образования по Аршалынскому району управления образования Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

11 мамыр 2021 жыл

№ 50 - Б

2020 - 2021 оқу жылының аяқталу және орта білім беру ұйымдарында 11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 203 бұйрығына, «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ - нің 2021 жылдың 06 мамыр айының № 113 хаты және «Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі» ММ - нің 2021 жылғы 11 мамыр айының № 227 - Б бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

- 1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2021 жылғы 25 мамыр;
- 2) 11 сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2021 жылғы 28 мамыр - маусым аралығында;
- 3) 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2021 жылғы 01-10 маусым аралығында.

2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері 11 сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып бекітілсін:

- 1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2021 жылғы 1 маусым;
- 2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2021 жылғы 4 маусым;
- 3) Қазақстан тарихынан тестілеу – 2021 жылғы 7 маусым;
- 4) Орыс тілінен тестілеу – 2021 жылғы 10 маусым.

3. 11 сыныптардың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, 2021 жылғы 11 - 19 маусым аралығында өткізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектептің оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.М.Хакимжановаға жүктелсін.

Мектеп директоры:

А.А.Туркестанбаева

